Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Картотека №27	Картотека №28	Картотека №29	Картотека №30	Картотека №31
Серуеннен оралу	Киімдерін реттілікпен шешу мұқият сөрелерге орналастыру (сенсорика,сөйлеуді дамыту,өзіне-өзі қызмет ету)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Бет орамалға лайық жамауларды табу» Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Құрал-жабдықтары: бала саны бойынша қағаздан жасалған бет орамалдардың үлгісі, әртүрлі пішіндер. Мазмұны: Балаларға бет орамалдардың үлгісін таратып беру. Алдарындағы пішіндердің ішінен әр орамалға лайық жамауды табуды ұсыну.	«Әдемі кілемшелер» Ойынның мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.	«Өз үйінді тап» Ойынның мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: түрлі-түсті дөңгелектер. Ойынның мазмұны: Балаларға түрлі-тісті дөңгелектер тарату, түсін атау. Үйлерін көрсету. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлерге тұра қалады.	«Түрлі-түсті жолақтар» Ойынның мақсаты: түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу. Ойынның құрал-жабдықтары: қағазға желімделген әртүрлі жолақшалар. Ойынның мазмұны: балаларға жолақшаларды көрсету, түстерін атау. Берілген жолақшаның түсі бойынша үстелдің үстіндегі дәл осындай жолақшаны табу.	«Қолғаптың сыңарын тап» түрлі қолғаптар беріледі балалар қысқышпен екінші қолғапты тауып баудың екінгші ұшына қыстырады.
Балалардың үйге қайтуы	Таңғы жаттығуға кешікпей келу	Отбасында ертегіні жиі оқып беру	«Қыс келбеті» тақырыбында сурет салу	Баламен бірге ойнау	Кітап бұрышына кітаптар мен толықтыру

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы :«Балдәурен» шағын орталығы

Топ: кіші «Балбөбек» тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 23.01-27.01.2023жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 23.01.2023	Сейсенбі 24.01.2023	Сәрсенбі 25.01.2023	Бейсенбі 26.01.2023	Жұма 27.01.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру,балабақшаға келер жолда не байқағандары туралы әңгімелеу (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың бала бақшаға тез бейімделу жағдайларын талқылау. Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті ойыны: «Менің күртешем» фетр планшетіне жасалған күртешені түймелеу	Дид/ойын: «Жүк көлігі» құрастырғышпен жұмыс ұсақ моториканы дамытуға арналған ойын	Үстел үсті ойыны: «Себетті толтыр» түстеріне қарай доптарды себеттерге жинау.	Д/О: «Көңілді автобус» Пішіндерден үйшік құрастыру	Д/ о: «Кірпілер достығы» сенсорлық тақтамен жұмыс
Таңертенгі жаттығу	Кешен №4 (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгігпеу, ас ішіп болғаннан кейін алғыс				

	айтуды үйрету				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбер: «Кел досым»	Жылы тілектер алаңы Бір біріне алма беру арқылы тілек айтады	Нейрожаттығу Қызықты сәлемдесу	Шаттық шеңбер:«Шуақты күн»	Қуаныш алаңы:«Сайқымазақ бізде қонақта»
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Міндеті: Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (домалату) жетілдіру.	Дене шынықтыру Міндеті: Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар жасату. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып)		Музыка Міндеті: Музыка тыңдай отырып таныс әуендерді және оларға тән ерекшеліктерді танып айта білуді қалыптастыру. Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын нақтылау Ән: «Ақша қар» Ырғақты-қимылды ойын: «Аққаланы құрастыр»	Дене шынықтыру Міндеті: Шананы жібінен сүйретуге. Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату.
2-таңғы ас	Тазалық шараларды орындау (өзіне-өзі қызмет ету) Әр бала өз орындарын тауып отыру (сенсорика,қорш-орта) Ас мәзірімен таныстыру.Бір-біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу. (өзіне-өзі қызмет ету)				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Картотека №32	Картотека №33	Картотека №34	Картотека №35	Картотека №36
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану. Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Күндізгі ұйқы	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту.				

	Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. «Әй-әй бөпем» әнін тыңдату «Қасқыр мен кірпі» әңгімесін мәнерлеп оқу «Ақ бөпем» тыңдату «Жақсы бала» тыңдату «Бауырсақ» ертегісін тыңдату (көркем әрекет,музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түймелі жолмен жүру майтабандылықтың алдын алу жаттығуларын жасату. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сөжетті-рөлді ойын «Балықшылар» Ойынның мақсаты:Балаларды балықшылардың еңбегімен таныстыра отырып, еңбек құралдарымен және оларды қалай пайдаланатынын білгізу. Қажетті атрибуттар:ау, қармақ, балықтар. Ойын шарты. Балалар ау тартуға әзірленеді. Бір шетте суда жатқандай ау жатады. Балалар аудың бір жақ шетінен тұрып екі қолдарымен алма-кезек тарта бастайды. Екінші шетінде бір-екі бала жай жүріп тартып келеді. Ойын барысында балалардың қимыл-әрекеттерін қадағалау. Ұстап алған балықтардың түрлерін сұрау. Ау	Сөжетті-рөлді ойын Емхана Ойынның мақсаты: Ақ халатты абзал жандардың игілікті еңбегіне деген балалардың сүйіспеншіліктерін арттыру. Дәрігердің сезімталдығы, кішіпейілділігі, қамқорлығы сияқты қасиеттерін жете түсіндіру. Қажетті атрибуттар: дәрігердің ақ халаты, қалпақ, рецептті жазатын қағаз, қалам, фонендаскоп, градусник т.б. құралдар. Ойын шарты. Балаларды рөлдерге бөлу: дәрігер, медбике, ауру бала - қуыршақ, ауру баланың шешесі. (сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет,жапсыру,сенсорика)	Сюжетті-рөлді Азық - түлік дүкені Ойынның мақсаты: Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу. Қажетті атрибуттар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, папье-машеден жасалынған тағам түрлері, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер. Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру. ойын: (жапсыру,көркем әдебиет,сенсорика)	Сюжетті-рөлді Азық - түлік дүкені Ойынның мақсаты: Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу. Қажетті атрибуттар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, папье-машеден жасалынған тағам түрлері, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер. Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру. ойын:(сөйлеуді	Сюжетті-рөлді ойын: Емхана Ойынның мақсаты: Ақ халатты абзал жандардың игілікті еңбегіне деген балалардың сүйіспеншіліктерін арттыру. Дәрігердің сезімталдығы, кішіпейілділігі, қамқорлығы сияқты қасиеттерін жете түсіндіру. Қажетті атрибуттар: дәрігердің ақ халаты, қалпақ, рецептті жазатын қағаз, қалам, фонендаскоп, градусник т.б. құралдар. Ойын шарты. Балаларды рөлдерге бөлу: дәрігер, медбике, ауру бала - қуыршақ, ауру баланың шешесі. сөйлеуді дамыту,сурет салу)

	саланып болғаннан кейін реттеп жинап қояды. Ойынға «Балықшы» тақпағын пайдалануға болады. Дауылға да қарамай, Жауынға да қарамай Балықшылар айдында Ау тартады жағалай. (сөйлеуді дамыту,мүсіндеу)			дамыту,сурет салу)	
Балалармен жеке жұмыс	Д/О «Суретті толықтыр» Мақсаты: Ойлау қабілетін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (сенсорика, сөйлеуді дамыту)	Д/О «Сайқымазақтың доптары» Мақсаты: түстерді дұрыс атауға дағдыландыру. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған орта)	Сенсорикалық тақтамен жұмыс Мақсаты:қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған орта)	Бизибордпен жұмыс жасау Мақсаты: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. (Сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет)	Санамақтар жаттау «Он саусақ» санамақты жаттату арқылы тілін дамыту. (сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет)
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Картотека №32	Картотека №33	Картотека №34	Картотека №35	Картотека №36
Серуеннен оралу	Киімдерін реттілікпен шешу мұқият сөрелерге орналастыру (сенсорика,сөйлеуді дамыту,өзіне-өзі қызмет ету)				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Қуыршақ үшін моншақ жаса» дидактикалық ойыны Мақсаты: Затты түс бойынша таңдау қабілетін қалыптастыру (шілтер қандай түсті, шілтер, моншақтар (түтіктер) бірдей түсті болуы керек, екі түсті моншақтарды кезектестіру қабілетін дамытыңыз; саусақ қимылдарының үйлестіруін жақсарту, көз дамыту.	Дидактикалық ойын «Кірпіге көмектесейік» Міндеттері : Түсі, мөлшері туралы білімдерін қалыптастыру, көрнекі қабылдауын, ойлауын, зейінін, есте сақтауын дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту, сөйлеуді дамыту.	Дидактикалық ойын «Үлкен және кішкентай жапырақтар» Мақсаты: Балаларды жапырақтарын өлшемі бойынша ажырата білуге, түсініктерін бекітуге үйрету: үлкен - кіші. Материал : Көлемі әр түрлі түсті жапырақтар. Ойын барысы: Қатты жел соғып, барлық жапырақтар жерге түсті. Мұғалім жапырақтарды жинауды ұсынады. Барлық үлкен жапырақтар үлкен себетке, ал кішкентайлар кішкентай себетке түседі.	«Матрешканы киіндір» Ойын барысы: Балаңызды матрешка көйлегін безендіруге шақырыңыз геометриял ық фигуралар. Бала кез- келген матрешканы алады және суперпозиция әдісін қолданып, контур бойымен геометриялық фигураларды салады, геометриялық фигуралардың түсі матрешка орамалының түсіне сәйкес келуі керек. Егер барлық контурлар геометриялық фигуралармен жабылған болса, ойын аяқталған болып саналады.	«Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата» Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінің тәрбиелеу, белсенділігін артыру. Көрнекіліктер: орманның суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер, тиісті жануарлар. Ойынның барысы: ойыншылар екі топқа бөлініп, әртүрлі табиғат көрінісі салынған бір - бір үлкен картадан алады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды үлкен картадағы салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады. Кім бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс атаса, сол жеңіске жетеді.
Балалардың үйге қайтуы	Балабақша тәтті тағам әкелмеу	Таңғы асқа кешікпеу	Күз мезгіліне көрме жасау	Баланы ауа-райына қарай киіндіру	Ұсақ моториканы дамытатын ойыншықтармен ойнату

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Балдәурен» шағын орталығы
Топ «Балбөбек» кіші тобы
Балалардың жасы 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 30 қаңтар-03 ақпан 2023 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңертең балалармен амандасып, топқа кіргізу.	Балаларды топта жақсы қабылдап, амандасу.	Балаларды жақсы көңіл -күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау.	Балаларды жақсы көңіл – күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау.	Балаларды жақсы көңіл – күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау. Балаларға тақпақты қайталату арқылы қимылдар жасау.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу	Дидактикалық ойын: «Кілемшені жөнде» дидактикалық ойыны	Үстел үсті ойыны: «Допқа жіп байла» дидактикалық ойыны Мақсаты: заттарды түсі	Үстел үсті ойыны: «Әжейдің құймақтары» дидактикалық ойыны	Дидактикалық ойын: «Жинауға көмектесу» дидактикалық ойыны Мақсаты: Жіктеу	Үстел үсті ойыны: «Матрешканы киіндір» Ойын барысы: Балаңызды матрешка көйлегін

әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Мақсаты: Берілген екі сенсорлық қасиеттің нысандары - пішіні мен өлшемін таңдау, өзін-өзі тексеру үшін қолдану және қою дағдыларын қалыптастыру қабілеттерін бекіту; геометриялық фигуралар туралы білімдерін бекіту. Материал: әртүрлі түстердегі кілемшелер, әртүрлі пішіндер мен өлшемдердегі пішіндер (шеңбер, төрбұрыш, үшбұрыш); кілемдегі «тесіктерді жабуға» жарамды негізгі түстердің (шеңберлер, төртбұрыш, үшбұрыштар) геометриялық пішіндері. Ойын барысы: «Қарандаршы балалар, қояндар бізге қандай кілемдер әкелді, әдемі, жарқын, бірақ тышқандар бұл төсеніштерді бұзды. Қояндар енді олармен не істейтіндерін білмейді. Оларға кілемшелерді жамауға көмектесейік. Кілемшелер қандай түсті? Кілемшелерге қандай жамау саламыз? Балаларға кілем беріледі, әдісті қолдану арқылы балалар геометриялық фигураларды түсі мен пішіні бойынша таңдау арқылы «тесіктерді жауып тастайды». (сөйлеуді дамыту, сенсорика, құрастыру)	бойынша топтастыру Материал: Картоннан қиылған түрлі-түсті шарлар (сопақ немесе шеңбер); бірдей түстердегі жолақтарды кесіңіз. Ойын барысы: Балаларды шарларға қарауға шақырыңыз. Шарларға арналған жіп (жолақ) алыңыз, қызыл шарға қызыл жолақ, жасыл шарға жасыл жолақ және т.б. (сенсорика, сөйлеуді дамыту, шығармашылық-зерттеу)	Мақсаты: Сәйкестік дағдыларын дамытуға үлес қосу, белгілі бір критерий бойынша объектілерді жүйелеу. Материал: Қағаздан бірнеше шеңберлер 3 см, ал диаметрі 6 см бірнеше шеңбер, үлкен шеңберлерге арналған табақша, кішкене шеңберлерге арналған табақша. Ойын барысы: Тәрбиеші: Әже құймақ пісірді (үлкенді-кішілі). Анасы мен папасына арналған үлкен құймақ, немерелеріне арналған кішкентай құймақ. Бірақ барлық құймақ бұзылған. Біз әжеге табақтарға құймақ дайындауға көмектесуіміз керек. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, сенсорика,)	дағдыларын дамытуға ықпал ету. Материал: Көкөністер мен жемістер бейнеленген муляждар немесе суреттер, 2 себет. Ойын барысы: Көкөністер мен жемістерді (немесе олардың бейнесі салынған суреттерді) орналастырыңыз. Балаңыздан көкөністерді бір себетке, жемістерді басқа себетке жинап, салуын сұраңыз. (сөйлеуді дамыту, әлеуметтік эмоционалды дағды)	безендіруге шақырыңыз геометриялық фигуралар. Бала кез-келген матрешканы алады және суперпозиция әдісін қолданып, контур бойымен геометриялық фигураларды салады, геометриялық фигуралардың түсі матрешка орамалының түсіне сәйкес келуі керек. Егер барлық контурлар геометриялық фигуралармен жабылған болса, ойын аяқталған болып саналады. (сөйлеуді дамыту, сенсорика, құрастыру)
Таңертенгі жаттығу	Картотека № 2 «Көңілді құстар»				

	Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ; 1-4 қолды екі жанға созып, жоғары – төмен көтеріп түсіру; 5-6 б.қ; Б.қ. «Мысық жоқпа?» 1-4 басты оңға, солға бұру; 5-6 б.қ; Б.қ. 1-4 отырып саусақпен тізе үстінен тықылдату; (Зрет) 5-6 б.қ. Шашырап жүгіру;				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау. Жегеніміз нан болсын! Айтарымыз ән болсын! Тамақ берген апайға, Айтарымыз оң болсын! Әумин! Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сұрту және орамалды орнына ілу, Көркем сөз «Бата» Дастарқаныңа береке берсін! Бастарыңа мереке берсін! Астарыңа адалдық берсін! Бастарыңа амандық берсін! Әумин Жуынатын бөлмедегі тәртіп пен тазалық.				
	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру,тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелерге келісу және т.б. «Топ-топ» Топ-топ, топ басайық, Жалаудан күн жасайық. Жаса, жаса алтын күн Жаса, жаса жарқын күн. (балалар қолдарын соғады) (көркем әдебиет,сөйлеуді дамыту,қимыл қозғалыс дағдысы)	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, Көркем сөз: Аппақ, аппақ ақшақар Бірін ұстап алайын... Ұстадым! Жоқ, ақша қар, Қайдан іздеп табайын? (Жақан Смаков) Қимылды ойын: «Аяз» Міндеттер: Тез жүгіруге жаттықтыру. (көркем әдебиет,сөйлеуді	«Бала, бала, балапан» Бала, бала, балапан Қане, қайсы, алақан. Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат. Бала, бала, балапан Қане, қайсы, алақан. Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат. (көркем әдебиет,музыка,дене тәрбиесі)	«Сағат» Сағаттың тіліндей, Иіліп оңға бір, Сағаттың тіліндей Иіліп солға бір. Оң аяқ, сол аяқ, Жаттығу оңай-ақ. Сағаттың суретін саусақпен салу. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту,дене тәрбиесі)	«Жаттығулар жасайық» Тез қозғалып осылай Жаттығулар жасайық. Жақсылықты үйреніп, Жамандықтан қашайық. (көркем әдебиет,музыка,дене тәрбиесі)

		дамыту,дене шынықтыру)			
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Қолдарын жоғары көтеру, түсіру; заттардан (биіктігі 10-15см) құрсаудан құрсауға аттап өтуге дағдыландыру.		Дене шынықтыру тақтайдың үстімен 20 см арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүруге дағдыландыру.	Музыка Міндеті: Әнді уақытында бастау және аяқтау, озып кетпеу немесе қалып қоймау, ән арасындағы кідірісті сақтау. Ән: «Жануарлар туралы ән» Ырғақты-қимылды ойын: «Сылдырмақ»	Дене шынықтыру Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу дағдысын қалыптастыру.
2-ші таңғы ас	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау Тамақтану кезінде алаңдамауға шақыру, ойыншықтарды реттеу, кезекшілікті орындау, гигиеналық шараларды орындау, бір біріне ойыншық жинауға көмектесу, үстелде дұрыс отыруын қадағалау.				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Картотека №1 «Желді бақылау» Мақсат-міндеттер. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің соғуын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. - Балалар, жел соғып тұрған сияқты ма? - Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы. - Жел соғып, бізбен ойнайды, Ағаш-бұтақты шайқайды. Ары-бері шайқайды, "Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды. - Желдің дыбысын біз қалай	Картотека №2 Күнді бақылау. Мақсат-міндеттер. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға күннің жерге жарықты шашқаны, жылу беретіні туралы айтып болғаннан кейін, балалармен бірге тақпақ айтып, қимылдарды қосылып жасауға шақырады.	Картотека №3 Қарды бақылау Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылысы, қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру. - Жапалақ қар, Армысың? Дүниеде бармысың? Қысқы дала тәуелді, Жау, жау енді! Ұзақ уақыт қалықтар, Жау, жау енді, Мамық қар!	Картотека №4 Қысқы ауа райын бақылау. Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту. - Балалар, айналаға қарандаршы. - Иә, айналада қар жатыр. - Аспанымыз сұр (көгілдір).	Картотека №5 Қарды бақылау Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылысы қар жайындағы ұғымдарын қалыптастыру, қардың жеңіл мамықтай ұшқанын байқату; зейінін, түйсігін дамыту. - Балалар, бәрекелді! - Қарандаршы, айналада не жатыр? - Иә, бұл - қар. Ақ мақтадай ұлпа қар Жамылыпты қырқалар.

	көрсетеміз? - Иә, "ш-ш-ш" дейміз. - Жарайсыңдар! Еңбекке баулу тапсырмалары: Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Пойыз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды бір сапқа тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек бастаған бағытпен жүруді үйрету; өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін дамыту. Педагог балаларды сапқа жинайды. Смартфонға пойыздың сигналы жазылған аудионы тыңдатуға болады. - Балалар, естіп тұрсыңдар ма? - Иә, бізді пойыз жолға шығуға шақырады. - Қанекей, сапқа жиналайық, пойыз болайық. - Ту-ту жүрдік,	Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Сағаттар" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды сигналмен белгілі қимылдарды жасауға жаттықтыру; сигнал бойынша сапқа жиналып, педагогтің соңынан жүру дағдыларын жетілдіру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; сағаттың жүрісі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. Педагог балаларға сағаттың қимылын еркін тұрып орындауға, сигнал бойынша сапқа жиналып, жүруге шақырады. Тақпақты оқи жүреді.	Қ. Мырзалиев Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. "Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тындаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тындайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен?	- Бірақ қыста күн суық. - Адамдарға қарандаршы, жылы киінді. - Біз нені кидік? Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады. - Қыс мезгілі. Суықта Қар жауады қалықтап. Қар жауады қалыптап, Аппақ қабықпен қаптап. Қыс мезгілі. Аппақ қала. Ақ көшелер. Ақ сала. Ақ көшелер. Ақ сала. Аулада тұр аққала. Д. Ахметова. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)	Қалың-қалың тоң киіп, Маужырайды шыршалар. <i>Шәймерден Әлдибекұлы.</i> Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға
--	---	--	--	--	---

	Ту-ту-у ... Біз алысқа - Ту-ту-у .. Жүр соңымнан - Қалма! Кім өжет жан? Алға! Д. Ахметова "Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет.сенсорика)	<i>"Тик-так".</i> "Тик-так, тик-так," Жүрсін сағат. Біз сағатқа ұқсап, Жүреміз: "тоқ-тақ". Д. Ахметова Ойын бірнеше рет өткізіледі. "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	- Тамаша ... Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. "Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл немесе сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-бірімен соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары, және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай белгілі қимылдарды жасауды ұсынады: - жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, жан-жаққа бағыттап жүгіру; - сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау, - жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру. - Бағдаршамда жасыл шам - Жол ашық, машиналар. Бағдаршамда сары шам - Шапалақта, балалар! Бағдаршамда қызыл шам -	ынталандырады. - Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Ал енді біз жүгірейік, Саптан қалмай, үлгерейік. Жүгір, жүгір, балақай! Саптан қалма, балақай! Жүгіріп болдық, жүрейік, Тыныс алып, үлгерейік. Тыныс алып болайық, Қадам басып, тоқтайық ... Д. Ахметова "Көпірден өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік,
--	--	--	--	---	--

				Тoқтaсын мaшинaлaр. Ойын eкi рeт өткiзiлeдi. "Шeңбepдeн шықпa" жaттығуы. (дeнe шынықтыру) Мaқсaт-мiндеттep: бaлaлaрды шeңбepгe тұрып, шeңбepдiң бoйымeн қимылдaуғa бaулy; кeңiстiктi бaғдaрлaуғa, мұқияттылыққa, дocтыққa тәрбиeлeу. (қopшaғaн opтaмeн тaнысу, cөйлeудi дaмыту)	eптiлiк, кeзбeн мөлшepлeу сезiмдepiн дaмыту (қopшaғaн opтaмeн тaнысу, cөйлeудi дaмыту)
Сepуeннeн opaлу	Бaлaлaрдың рeттiлiкпeн шeшiнyi. Қимыл-қoзғaлыс ойыны: «Тopғaй мeн мысық» Мiндеттep: Бaлaлaрдың қимыл – қoзғaлыcтaрын aрттырып, eптiлiккe бaулy. Бiр -бiрiнe шeшiнyгe кoмeктecy. Киiмдepiн жинaу. Сөpелepiн рeткe кeлтiрy. Бiр -бiрiнe шeшiнyгe кoмeктecy. Қимыл-қoзғaлыс ойыны: «Қoяндaр мeн қacқыp» Мiндеттep: Бaлaлaрдың қимыл-қoзғaлыcтaрын aрттырып, eптiлiккe бaулy.				
Түскi ac	Гигeнaлық шaрaлaрды oрындaу (мәдeни-гигeнaлық дaғдылaр, өзiнe-өзi қызмeт eтy, eңбeк әpeкeтi) Ac aлдындa айтылатын тaқпaқ: Ac дeгeндe oтырып, Тәрбиeшiнi тыңдaймыз. Тaмaқ iшiп бoлғaн coң, Opнымызды жинaймыз. Кeзeкшiлepдiң жұмысы (aсxанa құpалдaрын, мaйлықтaрды үстeлгe қoю) Гигиeнaлық шaрaлaр (қолды дұрыс жуу, өз opамaлының opнын бiлy, қолды дұрыс cұрту, opамалды iлy. Ac қайыру. Acың, acың, acыңa, Бepекe бepciн бacыңa!				

	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Жеті лақ» ертегісін мәнерлеп оқу	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Қуыр-қуыр-қуырмаш» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үй жануарлары» аудиожазба тыңдату	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Бала, бала, балақан» Музыка
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі).				
Бесін ас	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу (сөйлеуді дамыту).				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Қимылды ойын: «Ақ қоян» Міндеттер: балаларды ептілікке баулу. Қоянның суретін салу. (дене шынықтыру сурет салу,сөйлеуді дамыту)	Қимылды ойын: «Қай қолымда көп» Міндеттер: аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту. (сенсорика,сөйлеуді дамыту)	«Вагондарға дөңгелек таңдау» Міндеттер: дөңгелек геометриялық пішінінің қасиеттерін түсіндіру,жапсыру арқылы ұсақ саусақ моторикасымен жұмыс жасай отырып ойлау қабілетін дамыту. (жапсыру,сөйлеуді дамыту,сенсорика)	«Түрлі түсті пирамида» Міндеттер: үлкен-кіші,биік-аласа ұғымдарын үйретуді қайталау.Үлгіге қарай отырып ермексаздан пирамида жасау. (мүсіндеу,сөйлеуді дамыту,сенсорика)	«Дәрігерде» сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды дәрігер қызметімен таныстыру, медициналық құралдардың атауларын бекіту. Балаларды ойын жоспарын жүзеге асыруға үйрету. Сюжет бойынша екі кейіпкердің өзара әрекеттесу (дәрігер — науқас) іскерліктерін қалыптастыру. Ойыншық-алмастырушылармен ойын барысында, өзі және ойыншық үшін рөл атқару. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) .
Балалармен жеке жұмыс	«Секіреміз топ-топ» Секіреміз топ-топ, Шапалақтап көп-көп. Иілеміз оңға қарай бір,екі,үш, Иілеміз солға қарай бір,екі,үш.	«Қандай пішін жетіспейді?» Міндеттер: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу.	«Сиқырлы қап» Міндеттер: Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, заттарды тануға баулу.	«Кім шапшаң?» Міндеттер: Есту қабілетін дамыту. Балаларды дауысқа еліктіру.	Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр» Міндеттер: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру.

Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу				
Серуен	Картотека №1 (қорытындылау)	Картотека №2 (қорытындылау)	Картотека №3 (қорытындылау)	Картотека №4 (қорытындылау)	Картотека №5 (қорытындылау)
Серуеннен оралу	Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті.				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Музыкалық аспаптармен ойындар. Мақсат-міндеттер. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту. Қарапайым би қимылдарын орындау: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу. (музыка, шығармашылық дағды)	Үстел-үсті ойындар, саусақ моторикасын дамытатын ойындар ойнату. Мақсат-міндеттер. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау. (сенсорика)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)	Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. <i>"Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)</i> - Бармақтай балғын! Сен қайда бардың? - Мына бауырыммен Орманға бардым, Мына бауырыммен Іштім де кеспе, Мына бауырыммен Дөп-ботқа жескем, Мына бауырыммен Ән салдым кеште. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (сөйлеуді дамыту)	"Жүргізушілер" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жүргізуші мамандығымен таныстыра отырып, ойын барысында нәтижелі қарым-қатынас орнатуға машықтандыру. Сюжеттегі екі кейіпкердің (жүргізуші - жолаушы) өзара әрекеттесу біліктіліктерін қалыптастыру. Балалардың белгілі бір рөлге қажет құрал-жабдықтарды өз бетінше таңдау әрекеттерін ынталандыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Балдәурен» шағын орталығы

Топ «Балбөбек» кіші тобы

Балалардың жасы 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 06 -10 ақпан 2023 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңертең балалармен амандасып, топқа кіргізу.	Балаларды топта жақсы қабылдап, амандасу.	Балаларды жақсы көңіл -күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау.	Балаларды жақсы көңіл – күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау.	Балаларды жақсы көңіл – күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	Дидактикалық ойын:"Жіптерді ыдыстарға түстеріне сай жина"	Дидактикалық ойын:"Дастарқанды жаямыз" Мақсат-міндеттер.	Дамытушы ойын:«Қоян қайда?» Балаларды қоян ойыншығының қайда жасырынғанын байқату,	Саусақ жаттығуы. "Домалайды, домалайды". Мақсат-міндеттер. Балаларды сөздерді және саусақтармен	Үстел үсті ойыны: «Текшелерден мұнараны құрастыру» Жинайық, жинайық,

кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға ынталандыру. Құралдар: түрлі-түсті жіптің орамдары; жіптердің әр түсі үштен кем емес болуы керек. Шарты: жіптерді бірыңғай түстер бойынша төрт себетке топтастыру. (сенсорика)	Балаларды түрлі-түсті ыдыстар мен құралдардан тек түсі бірдей жинақтамаларды құрастыру дағдыларына баулу; ыдыстарды адамның алдына қалай орналастыратыны туралы ұғымдарды қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: катпа қағаздан қиылған бокал (кесе), қасық және табақша түрлі-түсті кескіндерінің бір-бірімен араласқан жинақтамалары.	отырған орнын "әне", "міне," "анда", "бұнда" "бар", "жоқ" сөздерін қолдануға ынталандыру; жағымды әсер алуға мүмкіндіктер жасау.	қимылдарды қайталауға ынталандыру; қуанышқа бөлену қабілеттерін, түйсіктерін дамыту. - Домалайды, домалайды, (жұдырықтарын алдына ұстап айналдыру) Орнында тұрып қалмайды. (саусақпен бұлғау) Оң жақ қолмен ұстап ал, (оң жаққа бұрылып, шапалақ қағу) Сол жақ қолмен ұстап ал. (сол жаққа бұрылып, шапалақ қағу) Отырып ұстайсың ба? (шоқайып, шапалақ қағу) Айналып ұстайсың ба? (тұрып, айналу) Ұстатпайды - (саусақпен бұлғау) Домалайды. (жұдырықтарын алдына қойып айналдыру) Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	Мұнараны құрайық. Үлкенінің үстіне орташасын, Оның үстіне кішкентай данасын, Қоямыз да Дананы қуантамыз. (құрастыру)
Таңертенгі жаттығу	Картотека № 3 «Қуыршақпен ойнаймыз» Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде; 1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру;(3рет) 3-4 б.қ; Аяқ алшақ, қуыршақ алда; 1-2 денені оңға ,солға бұру, б.қ. келу; Б.қ. қуыршақты кеудеде ұстау; 1-4 алға енкею- «Қуыршақтар билейді»; 5-6 б.қ. келу; (3рет) Б.қ. 1-2- отырып қуыршақты еденге қою; 3-4 тік тұру; Қуыршақпен оңға, солға айналу (2реттен)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Балалардың жағымды эмоцияларын тудыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу; тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру.				

	Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларға жайлы эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.	Мінез-құлық мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру: амандасу, қоштасу, алғыс айту. Баланың құрдастарына деген мейірімді қарым-қатынасын үлгі ету.	Ертегі кейіпкеріне еніп ұйымдастырылған іс-әрекетке баланы қызықтыру.	Шаттық шеңбер: «Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жайнай берсін даламыз Жайнай берсін бақшамыз!»	Көңілді музыка арқылы қызықты қимылдар жасап балалардың көңілін көтеру.
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу дағдыларын қалыптастыру.		Дене шынықтыру Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын отырып қимылдату дағдысын қалыптастыру.	Музыка Міндеті: Үйренген әнді айта отырып сәйкес қимылдар орындау Ән: «Балапан» Ырғақты-қимылды ойын: «Шөжелер» би қимылдарымен билету.	Дене шынықтыру Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұгу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын отырып қимылдату дағдыларын қайталау.
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Көліктерді бақылау. Мақсат-міндеттер. Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы	Қарды бақылау. Мақсат-міндеттер. Балаларды қардың аяқтың астында, жерде жатқанын айтқызып, оны аяқпен басқанда іздердің қалуын байқауға үйрету. - Из қалады, қарды басса -	Желді бақылау. Мақсат-міндеттер. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. - Балалар, жел соғып тұр ма? - Ағаштардың бұтақтарына	Күнді бақылау. Мақсат-міндеттер. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды	Қоян ойыншығын бақылау (ақ қоян). Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілін қоянның тоны ақ, құлағы ұзын екеніне, қимылдарына назар аударту; қоянның қимылдарын, көркем сөздерге еліктеп, өздігінен жасауға ынталандыру, жаттығудан жағымды әсер ала

айтуға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Машиналар жүреді ары-бері, Алға және кері. Жүкті тасымалдайды, Жақын жерге, алысқа бағыттайды. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдыққ тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың	Іздер жатыр жолақ ұқсап. - Балалар, қардың түсі қандай? - Қарды үстінен жүрсе, не қалады? - Иә, іздер қалады. - Іздер жолаққа айналды. Жарайсыңдар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. (еңбекке дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсаты. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүрігіп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларды көркем	қарайықшы. - Жел соғып, бізбен ойнайды, Ағаш пен бұтақты шайқайды. Ары-бері шайқайды, - Ш-ш-ш - деп дыбыстайды. - Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз? - Иә, "ш-ш-ш" дейміз. - Жарайсыңдар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды сигналмен қозғалу әдебіне үйрету; жан-жаққа шашылып жүтіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар үшін "тышқандардың інін" белгілеп қояды. - Балалар, сендер тышқандарсыңдар. Тышқандар інде тыныш отырады. Тышқандар аулаға шығып та	қалыптастыру. Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. "Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. - Жүрейік, жүрейік, Қолды көкке сермейік, Күнге сәлем берейік, Шапалақтап, күлейік. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі. Педагог балалардың жүрудегі қауіпсіздігін бақылай жүреді.	білу қабілетін дамыту. Педагог ақ қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады. Балаларға оның ақ терісі мен ұзын құлағы туралы сұрақтарды қойып, жауапты қайтаруға ынталандырады. - Қоян құлақтарын қалай қимылдатады? - Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар! - Қараңдаршы, ақ қоян жылы ақ тонын киіп алды. Қоян қуанып қалды. Сендерді бірге ойнауға шақырады. - Қоян қорқақ, Ұзын құлақ. Бұта түбінде, Қасқырға көрінбей, Ақ қарда жатыр, Тыныш қана, үндемей. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Бері шыға ғой, қоян!"
---	---	--	---	--

қимылдарын сомдауға ынталандыру. Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді. - Балалар торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіндерші. Педагог балаларға торғайлар сияқты қанаттарын (қолдарын) жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді. - Жарайсыңдар! - Балалар торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды. - Қалай шоқитынын көрсетейікші. Педагог балаларға торғайлардың шоқайып отырып жем шоқығанын, саусақтарымен тізесіне соққылап көрсетеді. - Жарайсыңдар! Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді. - Торғайлар, торғайлар, Ұшыңдар, ұшыңдар! Жолға отырып қоныңдар,	сөз бен қимылдарды орындауға ынталандырады. - Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша. Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Ал енді біз жүгірейк, Саптан қалмай, үлгерейік. Жүгір, жүгір, балақай! Саптан қалма, балақай! Жүгіріп болдық, жүрейік, Тыныс алып, үлгерейік. Тыныс алып болайық, Қадам басып, тоқтайық ... Д. Ахметова "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	ойнайды. - Тышқандай қалай жүгіріп ойнады? Көрсетейікші. Тамаша. - Балалар, тышқандар мысықтан қорқады. Мысық шықса - тышқандар інге жүгіріп, тығылады. - Қанекей, орындарымызға барып, отырайықшы. Педагог көркем сөзді қолданады. - Тышқандар інге сыймайды, Тесіктерден сығалайды. Ешкім жоқ болса олар Аулаға шығып ойнайды. Ай-ай-ай! Тышқандар-ай, Жақындайды мысықай! Шеңберден асыңдар, Қашыңдар! Д. Ахметова Соңғы сөздерді айтқанда, педагог ойыншық мысықты қолға ұстап шығарады. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеріп, дауыс күшін реттеу керек. Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен	"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Әткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру. Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды. - Бері шыға ғой, қоян! Сұр құлақтармен ойна! Былай көрсет, Былай көрсет, Сұр құлақтармен ойна! "Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
--	--	---	---	---

	Жемді шоқыңдар! Педагог рульді ұстап, автомобильді көрсетеді, алаңда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды. - Автомобиль келе жатыр! Абайлаңдар! Ұшыңдар жан-жаққа: - Ұш, ұш! Ойын екі рет ойнатылады. "Аяқ ұшына тұрып, ақырын жүрейік" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқ ұшымен жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)		секіруге жаттықтыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)		
Серуеннен оралу	Қатармен жүру.серуенде көрген білгендері бойынша әңгімелеу.Киімдерін реттілікпен шешіп сөрелерге орналастыру,гигиеналық тазалқ шараларын орындау.				
